



БҰЙРЫҚ

02.09.2025 ж.

ПРИКАЗ

№ 149

село Жұмыскер

Жұмыскер ауылы

**Тамақтандырудың сапасына  
мониторинг жүргізу жөніндегі  
комиссия құру туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 24 мамырдағы №231 бұйрығының 1-қосымшасы 2-тарау 3-параграфының 109 тармақшасы мен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ-16 бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын басшылыққа алып

**БҰЙЫРАМЫН:**

- 1.2025-2026 оқу жылында мектеп асханасы өз қызметінде санитарлық талаптарды сақтауын қадағалау және білім алушылардың мектеп асханасында тамақтануын жүйелі түрде ұйымдастыру мақсатында тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі (бракераждық) комиссия (әрі қарай комиссия) құрылсын. Қосымша №1
- 2.2025-2026 оқу жылына комиссияның жылдық жұмыс жоспары құрылып, бекітілсін.
- 3.Комиссия мүшелерінің атқарылатын функционалдық міндеттері бекітіліп, мүшелерге жеке таныстырылсын.
- 4.Комиссия тарапынан өнім тасымалдаушы мердігер ЖК «Избасова.Б» қызметі үздіксіз бақылауда болсын.
- 5.Тамақ өнімдерінің сапасына, тағамдарды дайындау технологиясына қоңазытқыш- технология жабдықтарының жарамдылығына азық-түлікпен дайын тағамдарды сақтау мерзімдері мен жағдайларының сақталуына комиссия тарапынан ай сайын мониторинг жүргізілсін.
- 6.Мониторинг нәтижесі бойынша акт рәсімделіп, тексеріс нәтижесі комиссия отырыстарында қаралсын.

7. Комиссия жұмысының қорытындысы тоқсан сайын педагогикалық кеңесте қаралып, ақпарат білім беру ұйымының интернет-ресурсына орналастырылсын.

8. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.



Мектеп-гимназия директоры

Т.Ж.Хамитова

Хамитова Тамара Жалелқызы – мектеп директоры, комиссия төрайымы  
Кайрова Жанаргүл-директордың бастауыш сынып жөніндегі орынбасары  
Наурызғалиева Жаркын – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары  
Есенғалиев Бағдат – қамқоршылық кеңес төрағасы  
Кадисова Диана – мектептің ата-аналар комитетінің төрайымы  
Бертлеуова Нургул – мектептің медициналық қызметкері  
Абугалиева Гаухар – мектептің әлеуметтік педагогы  
Педагог ұйымдастырушы – Қабесова Айбибі